



«Бектемир»

Мектеп директоры:

К. Каратаев

**Ұл балдармен жұмыс жоспары  
2023-2024 оқу жылы**

## **Ұлдармен жұмыс жоспары**

**Мақсаты:** Ер балалар арасында зиянды әдептердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насиҳаттау, өскелен жас үрпактың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгін мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындей сезімге тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелен жас үрпактың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- ер балалардың азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және үйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған ер баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Ата-бабамыз ұлды өздеріндегі еңбексүйгіш, малсак, жауынгер, әнші, күйші, аңшы, құсбегі — бесасспап азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен. Жігіттің бойына өнер мен еңбекті, ізгі адамгершілік қасиеттерді катар сінірген. Ер баланы бес жасынан бастап ат жалын тартып азамат болғанға дейін мал бағу мен аң аулауға, отын шабуға, қора салуға, ағаштан, теріден, темірден түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар жасауға, ягни қолөнер шеберлігіне баулыған. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен аталардың рөлі ерекше. Әке үйелменнің басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі — ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: "Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, өнегелі жерден шықкан ғой" деп мадақтайтыны сондықтан. "Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі", "Әке — бәйтерек, бала — жапырақ", "Жас — кәрінің көзі, кәрі — жастың тезі", "Ата — балага сыншы" макалдары да осы пікірді халықтың қуаттауынан туған.

## Ұлдармен жұмыс жоспары

№	Мерзімі	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс түрі	Жауапты
1	Қыркүйек	«Ұл бала мен қыз бала сыйластығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
2	Қазан	• «Маган өмір керек, мен өмірге керекпін»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Сынып жетекшісі
3	Қараша	Мектептің кәсіптік бағдар жұмыстарына катысу	Сынып сағаты	Сынып жетекші
4	Желтоқсан	«Тәуелсіздік таңының жүлдізымыз»	Сайыс	Сынып жетекшісі
5	Қантар	• «Толағай» Отбасылар сайысы	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
6	Ақпан	«Ұлдарға кеңес»	Пікір алмасу	Мектеп медбикесі, психолог, сынып жетекшісі
7	Наурыз	«Ұл бала» туралы мақал –мәтелдер, өлеңдер, нақыл сөздер жинау	Кітапша жасау	Сынып жетекшісі
8	Сәуір	Дене шынықтыру пәніне, спорттық үйірмелерге катысуларын, аула клубтарында футбол ойнау	Спорттық ойындар	Сынып жетекшісі
9	Мамыр	Ұлы Отан соғысы жайлы кинофильмдер, диафильмдер көрсетіп, оны талқылау	Пікір алмасу	Медбике, психолог, сынып жетекшісі